

Аналитикалық анықтама

Астана қ.

2018 жылғы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі, тиісінше – Қызмет, Холдинг) Комплаенс қызметі 2018 жылғы 24 мамырда Қазынашылық департаментінде (бұдан әрі - ҚД) 2017 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - Талдау) жүргізу үшін Холдинг Басқармасының Төрағасы А.А. Арифхановтың атына №КС-07-2/1956 қызметтік хат жіберді. Осыған байланысты, 2017 жылғы 04 шілдедегі Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының (№28/17 хаттама) (бұдан әрі – Саясат) 14-тармағын орындау мақсатында Холдинг Басқармасының Төрағасы А.А. Арифхановтың 2018 жылғы 25 мамырдағы №38-Б «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Бұйрығы шықты.

Саясаттың 16-тармағына сәйкес, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (бұдан әрі - Талдау) келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) Бөлімшенің қызметіне қатысты Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. ҚД қызметіне қатысты Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарында (бұдан әрі - ІНҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ҚД қызметіне қатысты Холдингтің ІНҚ тізбесі:

- Холдинг Басқармасының 2014 жылғы 15 сәуірдегі (№ 11/14 хаттама) шешімімен бекітілген Холдингтің уақытша бос ақшалай қаражатын басқару тізбесі (бұдан әрі – УБАҚ Қағидалары);
- Холдинг Басқармасының 2014 жылғы 04 сәуірдегі (№ 09/14 хаттама) хаттама шешімімен бекітілген Холдингтің қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламенті;
- Холдинг Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы (№41/14 хаттама) хаттама шешімімен бекітілген Холдингтің ақшалай позициясына мониторинг және талдау жүргізу жөніндегі нұсқаулығы;
- Холдинг Басқармасының 2014 жылғы 15 сәуірдегі (№ 11/14 хаттама) хаттама шешімімен бекітілген Холдингтің активтері мен пассивтерін басқару комитеті туралы қағида;
- Холдинг Басқармасының 2017 жылғы 26 қаңтардағы №04/17 хаттама шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген ақшалай қаражатты орналастыру қағидалары.

ҚД қызметіне қатысты жоғарыда аталған Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарындағы нормаларды талдау сыбайлас жемқорлыққа жағдайлар туғызатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен нормаларын көрсетпеді.

Сонымен қатар, УБАҚ Қағидаларының 3.2-тармағына сәйкес басымдылық реті бойынша келесі принциптер Холдинг/ЕК өткізген барлық

қазынашылық операциялардың негізгі қаржылық принциптері болып табылады:

1) қауіпсіздік (капиталдың сақталуы) – Холдингтің/ЕҚ ақшаны басқару процесіне жататын тәуекелдерді басқару жөніндегі Холдинг пен ЕҰ-ның құжаттарын қолдануды талап етеді;

2) өтімділік (қысқа мерзім ішінде активтерді ақшалай қаражатқа өзгерту);

3) табыстылық (осы Қағидада белгіленген қауіпсіздік пен табыстылық принциптерін ұстанған жағдайда алынуы мүмкін ең жоғары табыс).

УБАҚ-ның 3.3-тармағында *қауіпсіздік және табыстылық принциптері табыстылық принциптерінен басым түсетіндігі* қарастырылған.

Сондай-ақ, УБАҚ Қағидаларының 4.2.1 және 4.2.2 тармақтарына сәйкес ең *табысты және қауіпсіз қаржы құралдарын таңдау жолымен тәуекел мен табыстылықтың оңтайлы үйлесіміне жету* Холдингтің/ЕҰ УБАҚ портфелін қалыптастыру мақсаты болып табылады. Қаржылық инвестициялаудың жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету үшін ЕҚ Холдингтері инвестициялық тәуекел деңгейін барынша азайту критерийлері бойынша УБАҚ портфельдерін қалыптастырады.

Осылайша, жоғарыда аталған нормалардың түсіндірмелеріне сүйене отырып, тәуекел мен табыстылықтың оңтайлы үйлесімі, сондай-ақ қауіпсіздік принципі табыстылық принципінен басымдылығы УБАҚ портфелін қалыптастырудың негізгі критерийлері болып табылатындығын көруге болады.

Талдау барысында УБАҚ орналастыру үшін банк-контрагентті таңдау кезінде ҚД тәжірибеде халықаралық рейтингтік агенттіктердің банк рейтингтеріне, УБАҚ депозиттерін мерзімінен бұрын/жартылай шығару мүмкіндігіне (икемділігіне) және ең соңғы кезекте, табыстылығына көңіл аударатындығы анықталды. Сонымен қатар, банк-контрагентті таңдауда аталған талаптардың (рейтинг, төмендетілмейтін қалдық, табыстылық мөлшерлемесі) жүйелі басымдылығының критерийлері УБАҚ Қағидаларында регламенттелген және ең бастысы, аталған критерийлер ҚД қызметкерлерінің сараптамалық пайымдауларына сүйене отырып қолданылады.

Депозиттерді орналастыру үшін банк-контрагенттерді таңдау критерийлерінің айқындығын қамтамасыз ету мақсатында ҚД-нің қолданыстағы практикасын ескере отырып, УБАҚ орналастыру үшін банкті таңдаудың қадамдық рәсімдерін регламенттеу бөлігінде УБАҚ Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

II. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Саясаттың 17-тармағына сәйкес, келесілер Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп саналады:

- 1) персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың алмасуы;
- 2) мүдделер қайшылығын реттеу;

3) Бөлімше қызметінің Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

1. ҚД-нің штаттық саны 2017 жылғы 01 қаңтардағы ахуал бойынша 4 бірлікті құрады және 2017 жылғы 31 желтоқсанда 5 бірлікті құрады. 2018 жылғы сәуірде К. Максименко басқа жұмысқа ауысуына байланысты ҚД-нан өз еркімен жұмыстан босатылды, және конкурс қорытындылары бойынша бос орын сол айда толтырылған болатын. Екінші бос орын да есеп беру кезеңінде толтырылған.

2. Есеп беру кезеңінде мүдделер қайшылығы анықталған жоқ.

3. 2017 жыл ішінде УБАҚ басқару бойынша ҚД қызметінің Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкессіздік фактілері болған жоқ.

Қорытынды:

2017 жылға ҚД қызметін талдау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Сонымен қатар, ҚД УБАҚ басқару процесін жетілдіру мақсатында 3 ай мерзім ішінде банк-контрагенттерін тандау бойынша регламентті енгізу бөлігінде УБАҚ мерзімінен бұрын шығару және табыстылық бойынша рейтингтері, шарттары есебімен УБАҚ орналастыру үшін УБАҚ Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

**Басқарма Төрағасының
орынбасары**

А. Омарходжаев

Комплаенс қызметінің басшысы

Р. Арыстанбеков

Келісілді:

**Қазынашылық департаментінің
директоры**

Г. Маканалина